

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Наймандар, керейіттер және жалайырлар.

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.11.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/84249/>

<p>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Х ғ.- XIII ғ.басындағы Қазақстан Күні:</p>		<p>Мектеп: «№83 орта мектебі» КММ Мұғалімнің аты-жөні: Байдаулетова Ұлдай</p>	
<p>Сынып: 6</p>		<p>Қатысқандар: Қатыспағандар:</p>	
<p>Сабақтың тақырыбы</p>	<p>Наймандар, керейіттер және жалайырлар. Найман, керейіт және жалайырлардың орта ғасырлардағы саяси сахнадағы рөлі қандай болды?</p>		<p>Зерттеу сұрағы:</p>
<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес)</p>	<p>7.3.1.3- Х ғ.- XIII ғ.басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау</p>		
<p>Сабақтың мақсаты</p>	<p>Барлық оқушылар: Найман, керейіт және жалайыр мемлекеттерінің пайда болуын біледі. Мемлекеттердің қоғамдық құрылысын сипаттайды. Көпшілігі: Найман, керейіт және жалайыр мемлекеттерінің аумағын, орталығын, картадан көрсетеді. Кейбірі: Найман, керейіт және жалайыр мемлекеттерін бір-бірінен ажыратады өз сөзімен тұжырымдайды.</p>		
<p>Ойлау деңгейінің дағдылары</p>	<p>Білу, түсіну</p>		
<p>Бағалау критерийі</p>	<p>1. Найман, керейіт және жалайырлардың қоғамдық құрылысын сипаттайды.</p>		
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Оқушылар: Найман мен керейіттердің ерте тарихын өз сөздерімен жеткізеді. Мәтінді оқып талдайды, картамен жұмыс жүргізеді. Пәнне арналған сөздік мен терминология: Битөбе, Балықты, Жалайырлар, Керейіттер, Наймандар. Сыныптағы диалог және жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер <i>Талқылауға арналған сұрақтар</i> <i>Орта ғасырлардағы Қазақстанның бүкіл Еуразия құрылығы тағдырында маңызды рөл атқарғанын дәлелдеңдер</i> <i>Ең басты өзгерістер.....болды.</i> <i>Жазылымға арналған тапсырмалар: Сәйкестендіру тесті. Жабық тест.</i></p>		
<p>Құндылықтарға баулу</p>	<p>Азаматтық жауапкершілікке баулу, құрметке баулу, ынтымақтастық қарым-қатынас жасауға баулу</p>		
<p>Пәнаралық байланыс</p>	<p>Ежелгі дүние тарихы 6 сынып 51бет Қазақстан тарихы 6 сынып 63 бет</p>		
<p>АКТ-ны қолдану Дағдылары</p>	<p>Интерактив тақта</p>		
<p>Алдыңғы ілім</p>	<p>Наймандар, керейіттер туралы білімі бар</p>		

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p> <p>4 мин</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Оқушылардың көңіл-күйін сұрау. Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз! Ұйымшыл боламыз десек 2 рет қол шапалақтаймыз! Белсенділік танытамыз 3 рет қол шапалақтаймыз!</p> <p><i>Бастапқы ынталандырушы материал</i> «Жалған ба,шындық па» -үй тапсырмасын сұрау. 1.1128-1212 жылдары Қарақытай мемлекеті өмір сүрді. 2.Қарақытайлардың билеуші лауазымы қаған деп аталды. 3.1143 жылы Елюй Даши қайтыс болды. 4.1213 жылы Қарақытай мемлекеті өмір сүруін тоқтатты. 5.1208 жылы Монғолиядан Шыңғыс хан ығыстырған Күшілік басқарған наймандар Жетісуға келді. 1-шындық 2-жалған 3-шындық 4-жалған 5-шындық Бағалау: «Мадақтау»</p>	<p>Электронды тақта</p>

<p>Сабақтың ортасы</p> <p>32 мин</p>	<p>Ой қозғау. Ой қозғау үшін наймандар, керейіттер, жалайырлар туралы суреттер көрсетіледі, оқушылардың сурет бойынша жасаған тұжырымдарын тыңдай отырып, тақырып анықталады. Суретті көріп мына сұрақтарға жауап береді.</p> <p>-Не көрдің? -Не сездің? -Не ойлайсың?</p> <p>«Тақырыптың түйінді сөзі» әдісі арқылы жаңа сабақ тақырыбы ашылып, топ құрылады.</p> <p>1 топ-«Найман», 2 топ-«Керейіт», 3 топ-«Жалайыр», 4 топ-«Мемлекет».</p> <p>(1,2,3,4 сандарына бөлініп, орындықтың арқалығына стикерге жазылып, жапсырылған, оқушылар алдын-ала белгіленген топтарға жайғасады)</p> <p>Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты оқушыларға таныстырылады.</p> <p>1. Наймандар мен керейіттердің ерте тарихы. 2. Найман мемлекеті. 3. Керейіт мемлекеті. 4. Мемлекеттік құрылымы. 5. Жалайырлар.</p> <p>Тапсырма 1. Топтық жұмыс. «ДЖИГСО»-жаңа сабақты оқып-үйрену үшін топтарға жекелеген тапсырмалар беріледі.</p> <p>1-қадам. Мәтінмен жұмыс 2- қадам. Жұпта талқылау. 3-қадам. Топта тұжырым дайындау. 4-қадам. Топтық қорғау. Зерттеу сұрақтары:</p> <p>1. Наймандардың мемлекеттік бірлестіктерінің құрылу себептері. Қоныстанған аймағы. 2. Керейіттердің мемлекеттік бірлестіктерінің құрылу себептері; Қоныстанған аймағы. 3. Жалайырлардың мемлекеттік бірлестіктерінің құрылу себептері; Қоныстанған аймағы. 4. Наймандар мен керейіттер, жалайырлардың қоғамдық құрылымына сипаттама бер.</p> <p>Бағалау: «Екі жұлдыз, бір тілек». Сергіту сәті. «Жұбыңды тап». Шарты: Бөлікке бөлінген, араласқан жіптердің екі шетін ұстаған оқушылар жұп болып отырады.</p> <p>Тапсырма 2. Жұптық жұмыс. Жабық тест.</p> <p>1. Керейіт мемлекетінің билеушісі А. Хан + Ә. Гурхан Б. Қаған В. Гуньмо Г. Шаньюй 2. Темучиннің беделін тоқтату мақсатында ұйымдастырылған құрылтайдың өткен жылы А. 1150 ж. Ә. 1201 ж. +. Б. 1212 ж. В. 1258 ж. Г. 1317 ж. 3. XI ғ. соңында құрамына керейіт пен наймандар кірген мемлекет А. Хазарлар Ә. Қарахандықтар Б. Лио империясы + В. Моғолстан Г. Түрік қағанаты 4. Қидан мемлекеті құлағаннан кейін Найман мен Керейіт мемлекеттері құрылған жыл А. 1219 ж. Ә. 1141 ж. Б. 1208 ж. В. 1125 ж. + Г. 1204 ж. 5. Найман мемлекетінің орталығы А. Битөбе Ә. Янгикент Б. Баласағұн В. Суяб Г. Балықты +</p> <p>Дескриптор:</p> <p>— Керейіт мемлекетінің билеушісін атайды; — Темучиннің беделін тоқтату мақсатында ұйымдастырылған құрылтайдың өткен жылын атайды; — XI ғ. соңында құрамына керейіт пен наймандар кірген мемлекетті атайды; — Қидан мемлекеті құлағаннан кейін Найман мен Керейіт мемлекеттері құрылған жылды атайды; — Найман мемлекетінің орталығын атайды бағалау</p> <p>Бағалау: «Жұптық бағалау»-дайын үлгі жауап арқылы.</p> <p>Тапсырма 3. Жеке жұмыс. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма. 3.1. Сәйкестендіру тесті ҚБ-«Өзін-өзі бағалау»-дайын үлгі жауап арқылы</p>	<p>Электронды тақта</p> <p>Үлестірмелі парақша</p> <p>Қазақстан тарихы Бакина Н.С., Жанақова Н.Т. Алматы: Атамұра, 2017.-61-64 бет</p> <p>Электронды тақта</p> <p>Үлестірмелі парақша</p> <p>Электронды тақта Жіптер</p> <p>Үлестірмелі парақша</p> <p>Электронды тақта</p>
--------------------------------------	---	---

Сабақтың соңы 4 мин	Рефлексия «Миыңның суретін сал». Оқушылар өз миының суретін қағазға салады да,оны сабақ кезінде меңгерген білімдерін білдіретін сөздермен толтырады. Үйге тапсырма: §13-оқу. Наймандар,керейіттер,Жалайырлар туралы қосымша ізденіп келу. Қорытынды:Сабақтың оқу мақсаты айтыла отырып сабақ қорытындыланады.	Үлестірмелі парақша Электронды тақта
------------------------	---	---

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.